


«Бекітемін»
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№20
«Нұршұақ» балабақша-бөбекжайы» КМҚК
директоры  - _____ Ж. Е. Смагулова

«09» _____ 09 _____ 2025 ж

Тәрбие-білім беру процесінің перспективалық жоспар

«Қошақан», «Балапан», «Ортеке»

мектепалды топтары

5 жас

Музыка жетекшісі: Аулых Ламия

2025-2026 оқу жылы

Қыркүйек айы 2025 жыл

Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Мюзыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуді жетілдіру</p> <p>Ән айту: Балаларды мәнepлeп ән айтуға үйрету</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды таныстыру.</p> <p>Билер: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету</p>
---------------	---

Қазан айы 2025 жыл

Музыка	<p>Музыка тыңдау: Мюзыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Мюзыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуді жетілдіру</p> <p>Ән айту: Балаларды мәнepлeп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: марш сипатын ырғақты жүріспен беру, мюзыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруді орындауды үйрету</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап ағаш қасықтарды қолдану, қарапайым әуендерді орындауын ұйымдастыру</p> <p>Билер: мюзыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, мюзыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыруды меңгерту</p>
---------------	--

Қараша айы 2025 жыл

Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың мәнepлi құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен),</p> <p>Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, мюзыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p>
---------------	--

	<p>Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіруді үйрету</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап сылдырмақтарды қолдану, қарапайым әуендерді ойнауына жағдай жасау</p> <p>Билер: Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтауын дамыту</p>
--	--

Желтоқсан айы 2025 жыл

Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеуді үйрету</p> <p>Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруді орындату</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап асатаяқты қолдану, қарапайым әуендерді ойнауына жағдай жасау</p> <p>Билер: Би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу</p>
--------	--

Қаңтар айы 2026 жыл

Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам)</p> <p>Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру,</p>
--------	--

	<p>музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертуді меңгерту</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап сазсырнайды қолдану, қарапайым әуендерді ойнауға мұнқүндік беру</p> <p>Билер: Жүппен би қимылдарын орындауды; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдануды қалыптастыру.</p>
--	--

Ақпан айы 2026 жыл

Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам)</p> <p>Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап барабанды қолдану, қарапайым әуендерді ойнауына жағдай жасау</p> <p>Билер: Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен әйтып жүруін дамыту</p>
--------	---

Наурыз айы 2026 жыл

Музыка	<p>Музыка тыңдау: Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.</p> <p>Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен). Әнді мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ресі бірінші октава шегінде).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап домбыраны қолдану, қарапайым әуендерді ойнауын дамыту</p> <p>Билер:</p>
--------	---

	Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойыменән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту
--	---

Сәуір айы 2026 жыл

Музыка	<p>Музыка тыңдау: Өндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған өндер мен күйлерді тыңдату.</p> <p>Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Әнді мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (рес-си бірінші октава шегінде).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Мазмұны бойынша таныс өндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіруді жасату.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс өндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап металлофонды қолдану, қарапайым әуендерді ойнауға мүмкіндік беру</p> <p>Билер: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындауды дамыту</p>
--------	---

Мамыр айы 2026 жыл

Музыка	<p>Музыка тыңдау: жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), өндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу дағдысын бекіту</p> <p>Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс өндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секірін бекіту.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық аспаптарды тану және атауды. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнауды бекіту.</p> <p>Билер: Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.</p>
--------	--